



ТУРАН-ҚАЗАЛЫ

№93
(2264)
Сәрсені
20 қараша
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫДА ҚОС САЛАНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында 15 қараша – қаржы саласының және ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай мерекелік салтанатты шара өтті.

Мерекелік шарада аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген қос саланың қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

- 2024 жылға арналған аудан бюджеті 11,1 млрд. теңге болып бекітіліп, 18,6 млрд. теңгеге нақтыланып, 69 пайызға ұлғайды. Мұнан басқа да ауданның барлық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері толық орындалып отыр. Есепті кезеңдегі қол жеткізген бұл жетістіктерге аудандағы қаржы саласының қызметкерлерінің қосқан үлесі зор.

Ал, ауыл шаруашылығы мен тамақ және өңдеу өнеркәсібі саласының аудан экономикасының өсіп-өркендеуіне қосар үлесі ұшан



теңіз. Мәселен, үстіміздегі жылдың 10 айында ауданда 22,6 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілсе, оның 20,3 млрд теңгесі немесе 89 пайызы өңдеу өнеркәсібінің үлесінде. Сондықтан да қос саланың қызметкерлерін бүгінгі кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын, - деді аудан әкімі.

Мұнан соң ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосқан мереке иелері марапат төрінен көрініп, құрмет көрсетілді.

Кәсіби мерекеде аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысының орынбасары Қазынагүл Бөкен ҚР қаржы министрлігінің «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен

марапатталды.

Сондай-ақ, бірқатар сала қызметкерлеріне облыс әкімінің, облыс әкімі орынбасарының және аудан әкімінің «Алғыс хаты» табысталды. Ал, аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары Сапарбек Қуатов ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Мерекеде ауданның экономикалық көрсеткіштерінің артуына талмай еңбек етіп, табыстың берекесін тасытқан ардагерлер де назардан тыс қалмай, аудан әкімінің мерекелік сый-сияпатына ие болды.

Шара соңында қаржы және ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі саласы қызметкерлері мен сала ардагерлерінің құрметіне аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары әсем әннен шашу шашып, мерекелік көңіл күй сыйлады.

АУДАН ӘКІМІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТАҒЫ ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

«AMANAT» партиясының аудандық филиалында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің қатысуымен аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының отырысы өтті. Отырысқа аудандық партия филиалының төрағасы, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш төрағалық етті.

Күн тәртібінде «AMANAT» партиясының 2023-2024 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын Қызылорда облысы бойынша іске асырудың Жол картасының Қазалы ауданына қатысты іс-шаралардың ағымдағы жылдың 10 айында іске асырылу барысы мен орындалуы және орындалмау қаупі бар шаралар барысы қаралып, аудан әкімінің хабарламасы тыңдалды.

Өз кезегінде аудан басшысы бағдарламадағы ағымдағы жылға жоспарланған 77 іс-шараның есепті кезеңде басым бөлігі орындалғанын айтып, ауданда атқарылған оң нәтижелі жұмыстарды атап өтті. Сондай-ақ «AMANAT» партиясының Үкіметпен бірлесе жүргізіп жатқан ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасының ауданда жүзеге асырылу барысына да тоқталды.

Жиында аудандық мәслихаттың депутаты, фракция мүшесі Әділбек Сарабеков сөз сөйлеп, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында ауқымды жұмыстар іске асырылып жатқанын айтып, алда жоспарланған маңызды жұмыстарға сәттілік тіледі.

Отырысқортындысында партия филиалының төрағасы Ғазиз Әлмәмбетұлы Жол карта іс шараларын сапалы әрі тиімді іске асыру партияның әрдайым күн тәртібіндегі мәселесі екенін, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен депутаттық корпустың бірлескен жұмыстарының нәтижесінде жүзеге асатындығын жеткізді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

КЕЗЕКТІ СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қазалыда күзгі санитарлық-тазалық және абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды.

Аудан көлемінде өткен сенбілік жұмыстары барысында орталық көшелер мен саябақтар, арықтардың бойындағы арам шөптер оталып, ағаш жапырақтары мен қоқыс қалдықтары арнайы орындарға шығарылды.

Бұл жолғы тазалық жұмыстары барысында мекемелердің ұжым қызметкерлерінің басым көпшілігі Т.Берікұлақов көшесі, Водоканал елді-мекеніне барар жолмен Жеті Ишан көшелерінің қиылысына және 5 квартал аймағындағы қазақ қорымдарының аумақтарына жұмылдырылды.

Әйтеке би кентінде ұйымдастырылған тазалық жұмыстарын аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аралап, әр аумақта жүргізіліп жатқан тазалық жұмыстарын бақылады. Әрбір аймақтағы тазалық жұмыстарына байланысты жауапты басшыларға бірқатар тапсырмалар берілді.

Аудан әкімі сенбілік жұмыстарын аралау барысында Әйтеке би кентіндегі Орталық алаң мен Жеңіс саябағына жүргізіліп жатқан абаттандыру жұмыстарына көрді.

Айта кетейік, сенбілік жұмыстары аудан орталығынан бөлек барлық ауылдық округтерде де ұйымдастырылды.

●Баспасөз - 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ – БАЛА МІНЕЗІНІҢ ӨМІРЛІК АРҚАУЫ

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-отбасы. Отбасылық тәрбие ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынастық жүйе. Ата-ана осы жүйені жан-жақты меңгеруі қажет.

Бала тәрбиесіндегі басты тұлға, алғашқы ұстаз – ата-ана. Бала үшін ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, білім алуына жағдай жасау ата-ананың парызы.

Бір отбасы баласын ешкімнен кем өсіргісі келмей барлық жағдайын жасайды. Қазіргі заманның озық технологиясымен жасалынған ойыншықтар, компьютер, қымбат телефонды алып береді. Бірақ баласы осының бәріне қанағаттанбай, күнде ата-анасының жұмысқа кетпеуін өтінеді. Ата-анасы жұмысқа барып, ақша табатынын баласына түсіндіреді. Ал, баласы ата-анасының күніне қанша ақша табатынын сұрап біледі. Бала сол күннен бастап ата-анасының өзіне тастап кетіп жүрген ақшасын жұмсамай жинай береді. Жинаған ақшасы ата-анасының бір күндік табысына жеткен күні бала ата-анасына өтініш жасайды.

— Әке, ана! Бүгін жұмысқа бармай, бір күндеріңізді маған қиыңыздаршы. Бір күнгі табыстарыңызды мен төлейін, - депті. Осы бір ауыз сөз баланың ата-анасының аялы алақынына, жылы сөзіне, қолдауына зәру екенін дәлелдеп тұрған жоқ па? Міне, ата-ананың аялы алақанының әсері балаға күн сәулесімен бірдей, мұны басқа ешбір нәрсе ауыстыруы мүмкін емес. Алайда, бұны барлық ата-ана түсіне бермейді.

Бала есейсе де жүрегінде ата-анасы ерекше сақталады. Ата-ананың қолдауын, жылы сөзін, мейірімге толы көзқарасын аңсайды. Балалық шағында ата-ана мейіріміне шомылып өскен, яғни оң тәрбие алған баладан күтер үміт көп және ол баланың болашағы жарқын болмақ.

Отбасындағы бала тәрбиесі аса өзекті мәселелердің бірі. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің негізгі ұйытқысы ата-ана болып қала беретіндігіне еш күмән жоқ. Отбасы – адам баласының алтын діңгегі, ыстық ұясы. Өйткені, адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, отбасында ер жетіп, тәрбие алады. Сондықтан отбасы – адамзаттың аса қажетті әрі қасиетті алтын бесігі болып есептеледі.

Әл-Фараби бабамыздың «Адамға ең әуелі білім емес,

тәрбие берілуі керек, онсыз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзінің астарында терең мән жатыр. Өйткені, отбасы–сол адам өмір сүрген кез келген қоғамның, мемлекеттің құрамдас бөлігі, іргетасы ретінде қарастырылған. Отбасындағы әке айбыны бала тәрбиесінде басты тұлға. Ата -аналар өз баласын дербестікке, біреуге тәуелді болмауға, өз бетінше күн көруге, мақсатты түрде өмір сүруге бағыттап тәрбиелейді. Бұл игілікті іс, тіпті, баланың ана құрсағында жатқан кезден бастап жүргізілуі қажет. Одан баланың дүниеге келуі, қаз-қаз басып жүруі, өсуі, өнуі, ата-бабасының еңбек және сан жылдардан бергі тәжірибесінен өнеге алуы, оны құрметтеуі, қоршаған ортасын танып, онымен қарым-қатынас жасауға өз бетінше дағдылануы, жақсыдан үйренуі, жаманнан жиренуі ескеріліп отырады. Мұны да нышпан Абай он тоғызыншы қара сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп түйіндейді.

Қазақта «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, ал бала – жағасында жайқалып өскен құрақ» дейтін даналық сөз бар. Осы мақал арқылы халық отбасын құрайтын үш құрамдас бөлікті айрықша ескертіп отыр. Сондықтан әке – отбасының тәрбие жұмысындағы маңызды орын алатын тұғырлы тұлға. Әкенің бар бітім-болмысы, мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, білім-білігі – баланың көз алдында күнделікті үлгі-өнеге алатын, соған қарап бойтүзейтін негізгі нысанасы. Ұл демей, қыз демей отбасындағы тәрбие жұмысында әкенің орны ерекше болуы тиіс. Ұлы Абай «толық адам» тәрбиелеудегі әкенің ізгі қасиеттері, оның адамгершілігі, еңбексүйгіштігі, отбасына, жарына деген сүйіспеншілік сезімі үй ішін нұрландырып тұрса, ері ақылды, әйелі көркем мінезді болып, тату болса, онда үй жұмаққа айналып, балалар жақсы мінезге, игі қасиеттерге тәрбиеленетінін айтады. Халқымыздың «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» дейтіні де сондықтан.

Жер бетіндегі кез келген халықтың өз алдына ұлт болып ұйысуына, жеке халық, егемен ел, дербес мемлекет болып қалыптасуына әйел-аналардың сіңірген еңбегі зор деп айтуға болады. Бала тәрбиесінде, отбасы ынтымақтастығында

ананың орны ерекше. Ежелден халқымыз қыз тәрбиесін ананың мойнына жүктеген. Ал, бүгінгі қоғамымыздағы қыз балаларды тәрбиелеудегі талап-тілектер бұрынғыдан да жоғары. Өйткені, қазіргі кезеңде қыз балалар тек отбасы, ошақ қасында ғана емес, үй шаруасымен бірге қоғамның белсенді мүшесі ретінде күнделікті өмірдің сан-салаларындағы қызметтерді үйлесімді әрі ұтымды ұштастыра білуге әзір болуы қажет. Мұнда ең бастысы қыз баланың білімділігімен қоса тәрбиелі болғаны орынды. Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары. Жастар тәрбиесіндегі ата-ананың орны мен рөлі туралы айтқанда, сан ғасырлардан бері қалыптасқан тәрбиеге қатысты ұлттық рухани құндылықтарымыздың, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміздің, ана тіліміз бен әдебиетіміздің, мәдениетіміз бен тарихымыздың терең тағылымын ескергеніміз абзал.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе», дейді ұлы жазушы М.Әуезов. Осы орайда еске түсетін жайт, халқымыз ежелден бала тәрбиесіне көңіл бөлген, болмысынан бекзат, тумысынан текті халық. Осы тектіліктің түп негізінде ұрпақ тәрбиесі, яғни ұлттық тәрбие деген ұғым жатқаны ойға оралады. Бұл ұғым да біз үшін аса қасиетті де қастерлі. Өйткені, біздің ұрпақтарымыз – ата салт-дәстүрімен сусындаған, осы ұлттың тәрбиесімен жетіліп, туған тілімен санасы оянған азаматтар. Халқымыздың қанында жер жүзіндегі басқа халықтарда сирек кездесетін теңдесі жоқ адалдық, кеңпейілділік, ақкөңілділік, қонақжайлылық сияқты адами қасиеттер басым екендігі даусыз. Атам қазақ ежелден тәрбие ісінде басты сегіз түрлі мәселені қамтыған.

Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікті үйретуді көздеп, әдептілік мәселесін басты міндет етіп қойған. Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелеген. Өйткені, мейірімді адам қашанда қайырымды болады. Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек бол деп үйреткен. Бұл баланы еңбекке баулудың алғашқы белгілері. Төртіншіден, адалдық пен



шындыққа тәрбиелеу.

Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңірген.

Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы, сол арқылы қоршаған ортаны, айналаны сыйлауды басты міндет етіп қойған.

Жетіншіден, кісі айыбын ешқашан бетіне баспа деген. Бұл кемшілікті мүлдем айтпау деген ой емес, адамға Алланың салған кемдігін айтпа деген.

Сегізіншіден, «Ел намысы – ер намысы» болуы керек. Сондықтан, ел қорғаны – батыр бол, халық алдында адал қызмет ет, бойыңдағы бар талант, күш-жігеріңді халқыңа жұмса, намысшыл бол дегенді санасына сіңірген.

Бала үшін ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — балаға үлкендердің үлгісімен сіңеді. Олай болса ата-ана балаға идеал бола білу керек. Ісімен үлгі болу керек.

Баланы өмірге бейімдеуде ата-ана тәрбиесінің артында ұлт тәрбиесі, мемлекет тағдыры тұрғанын әр ата-ана түсінуі парыз. Еліміздің келешегі осы кезде қандай бала тәрбиелегенімізге байланысты болмақ. Сондықтан, бала тәрбиесіне бей-жай қарамауымыз керек. Балаға сіңірген құнды еңбек, ол- балаға берілген дұрыс тәрбие. Ата-аналар өміріміздің жалғасы бала тәрбиесіне мұқият болайық.

Алтынай ЫСҚАҚОВА,
№266 мектеп-лицейі
директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары,
бастауыш сынып мұғалімі

ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ – КҮРЕСУ МІНДЕТ!

Жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау болмаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының борышы және адамгершілік міндеті. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз баршылық.

Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық. Дегенмен, бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және

қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың

конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

А.ОРАҚБАЕВ,
«Қызылорда облысының
мемлекеттік архиві»
KMM-нің

«Қазалы аудандық архиві»
филиалының архивисті

САПАЛЫ ТАУАРДЫ АЙЫРБАСТАУ ЖОЛДАРЫ

Сатушы мен сатып алушы арасындағы қарым – қатынас дау – дамайға толы. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, сауда және қызмет көрсету саласында

«Клиенттікі әрдайым дұрыс» қағидасы үнемі үстемдік етпейді. Сатып алушылар мен сатушылар арасында әлі күнге дейін тауарды қайтару мен айырбастау мәселесі өзекті болып отыр. Тұтынушының құқығын түрлі жағдайда жан – жақты қорғауға бағытталған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы әрекет еткенімен, сатушылар түрлі сылтауларды алға тартып, сатылған тауарды айырбастауға немесе ақшасын қайтаруға асықпайды. Шындығында сатып алушының қандай құқықтары бар? Осы мән-жайға қысқаша тоқталып өтсек.

Тауардың дүкенде немесе базарда сатып алынғандығына қарамастан тұтынушылар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен берік қорғалғандығын естен шығармауы керек. Осы Заңның негізінде сатушы сапалы немесе сапасыз тауарды айырбастауға болмаса ақшасын қайтаруға міндетті (Заңның 24 бабы, 5 тармақшасы).

Тиісті сападағы, яғни қалыпты, бірақ сізге осы немесе басқа себептер бойынша, мысалы, өлшемі, түсі, фасоны бойынша ұнамай қалған тауарды қайтару үшін сіз сатушыға 14 күн ішінде жүгінуіңіз қажет. Егер сіз сәйкессіздікті 15 күнде анықтаған болсаңыз, сізге оны ауыстыру мүмкін болмайтындығымен келісуге тура келеді. Сатушы сізді кері қайтарады және ол дұрыс

жасайды. Ал егер де сатушы 14 күнге дейінгі мерзімде оны айырбастаудан бас тартатын болса, шындық сіздің жағыңызда болады. Бұл орын алған жағдайларды құқықтық реттеу Заңның 14, 30 бабтарында атап өтілген.

Заңнама бойынша айырбастауға жатпайтын тауарлар:

- 1) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды;
- 2) іш киімді;
- 3) шұлық-ұйық бұйымдары;
- 4) жануарлар мен өсімдіктер;

5) метрлеп сатылатын тауарлар (талшықты маталардың барлық түрі, трикотажды және және перделік мата, жасанды тері, кілем бұйымдары, тоқыма емес маталар, ленталар, шілтерлер, кестелер, сымдар, баулар, кабельдер, линолеум, багет, пленка мен кленка);

6) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын қоспағанда, егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, егер шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

СПОСОБЫ ЗАМЕНЫ КАЧЕСТВЕННОГО ТОВАРА

Отношения между продавцом и покупателем всегда вызвали много споров. Как показывает практика, в сфере торговли и услуг далеко не всегда работает золотое правило: «Клиент всегда прав». До сих пор наиболее актуальными и среди покупателей, и среди продавцов являются проблемы, связанные с обменом и возвратом покупки. Несмотря на то, что действующий Закон РК «О защите прав потребителей» четко оговаривает права покупателей в различных ситуациях, многие продавцы не спешат обменивать проданный товар или возвращать за него деньги, аргументируя свой отказ множеством различных причин. Так на что же реально имеет право покупатель?

О том, что «товар возврату и обмену не подлежит», грозно предупреждают надписи во многих торговых точках. Является ли правомерным отказ их владельцев заменить проданное или вернуть его стоимость? Однозначно - нет. Независимо от того, где был приобретен товар, на рынке или в магазине, надо помнить, что казахстанские потребители под надежной защитой Закона РК «О защите прав потребителей». На основании этого закона продавец обязан обеспечить обмен или возврат товара как надлежащего, так и ненадлежащего качества (пункт 5 статьи 24 Закона).

Самые распространенные случаи нарушений прав потребителей происходит в процессе возврата или обмена товара, причем сложнее вернуть или заменить качественный товар, чем некачественный. Согласно пункту 1 статьи 30 Закона, покупатель может обменять приобретенный недовольственный товар надлежащего качества, но по каким-то причинам не удовлетворяющий его потребности или не обладающий необходимыми свойствами на аналогич-

ный товар другого размера, формы, габарита, фасона, расцветки, комплектации в течение 14-ти календарных дней со дня приобретения товара. В том случае, если более длительной срок не установлен договором. Если аналогичный товар (например, одежда или обувь) на момент обмена отсутствует в продаже, потребитель имеет полное право приобрести другие товары из имеющегося ассортимента с соответствующим перерасчетом стоимости, либо получить обратно стоимость товара или обменять его на аналогичный. Обязательные условия обмена или возврата: проданный товар не должен быть в употреблении, сохранены его внешний вид, потребительские свойства, пломбы, фабричные ярлыки, имеется документ, подтверждающий факт приобретения товара у конкретно продавца (кассовый или товарный чек), и товар не входит в перечень товаров, не подлежащих обмену. По законодательству исключения составляют

- 1) лекарственные средства, изделия медицинского назначения;
- 2) нательное белье;
- 3) чулочно-носочные изделия;
- 4) животные и растения;
- 5) метражные товары, (ткани из волокон всех видов, трикотажное и гардинное полотно, искусственный мех, ковровые изделия, нетканые материалы, ленты, кружева, тесьма, провода, шнуры, кабели, линолеум, багет, пленка, клеенка).

6) абонентского устройства сотовой связи.

В случае если документ, подтверждающий факт приобретения товара, был утерян или по каким-либо причинам не выдан потребителю, то обмен или возврат товара должен быть произведен, если потребитель докажет факт покупки у данного продавца (изготовителя).

Қазалы ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

«Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы Заңының 8-бабының 1-тармақшасына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар шешімнің қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы**Аты жөні****Об утверждении плана по управлению пастбищами и их использованию по Казалинскому району на 2025-2029 годы**

В соответствии с подпунктом 1 статьи 8 Закона Республики Казахстан от 20 февраля 2017 года «О пастбищах» Казалинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить план по управлению пастбищами и их использованию по Казалинскому району на 2025-2029 годы согласно приложению к настоящему решению согласно приложениям к решению.

2. Настоящее решение вводится в действие со дня подписания.

Должность**ФИО****СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСТАР**

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның барлық салаларына әсер ететін жүйелі құбылыс. Бұл заңды бұзып қана қоймай, азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне нұқсан келтіретінін түсіну қажет, бұл әсіресе өзгерістерге ұмтылатын жастар үшін маңызды.

Сыбайлас жемқорлық көптеген нысандарда болуы мүмкін, соның ішінде, төмендегі фактілер кең тараған:

-Пара беру: Қызметтер немесе жеңілдіктер алу үшін бейресми төлемдер;

-Алаяқтық: Пайдасыз мақсаттарға жету үшін алдау;

- Билікті асыра пайдалану: Жеке пайда үшін заңдар мен ережелерді елемей;

- Мүдделер

қақтығысы: Жеке мүдделер қоғам пайдасына шешім қабылдауға әсер еткен жағдайда.

Сыбайлас жемқорлық қоғам үшін көптеген теріс әсер келтіреді. Атап айтқанда, бюджет қаражатының мақсатсыз жұмсалыуына әкеліп соғады, бағаның өсуіне әсер етеді, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендетеді. Байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты арттырады, өйткені ресурстар мен мүмкіндіктерге қол жеткізу байланыстарға байланысты болуы мүмкін. Институттарға деген сенімге нұқсан келтіреді: "Бәрі алу" логикасы мемлекеттік ұйымдарда көңілсіздік тудырады, бұл жастардың бойкүйездігі мен әрекетсіздігіне

әкелуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық жастарға да кері әсерін тигізеді:

Білім беру жүйесіндегі жемқорлық өскелең ұрпақты адал бәсекелестіктен шеттете алады. Оқуға түсу кезінде немесе оқу процесінде пара алу шынымен оқығысы келетіндер үшін білім алуды қолжетімсіз етеді.

Үміткерлер кәсіби дағдылардың орнына байланысы маңызды рөл атқаратын жағдайға тап болуы мүмкін. Бұл қанағаттанбаушылықты тудырады және мотивацияны төмендетеді.

Жастар кез келген нысандағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өз құқықтарын түсініп, оларды белсенді түрде қорғауы керек.

Жастар сыбайлас жемқорлықпен қалай

күресе алады?

-Білімділік және хабардарлық: Құқық және сыбайлас жемқорлық туралы әдебиеттерді оқу, осы тақырып бойынша талқылаулар мен семинарларға қатысу.

- Әлеуметтік қозғалыстар: Волонтерлік бастамалар немесе коммерциялық емес ұйымдар сияқты сыбайлас жемқорлықпен күресетін белсенді топтарға қосылыңыз.

-Күнделікті өмірде адалдық: Мектептегі немесе университеттегі "келісім" сияқты сыбайлас жемқорлықтың шағын түрлерін жою адал ортаны құруға көмектеседі.

-Технологияны пайдалану: Қазіргі жағдайда жастар сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат тарату және

қоғамдық қысым жасау үшін әлеуметтік желілерді пайдалана алады.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның барлық салаларының, әсіресе жастардың белсенді қатысуын талап ететін күрделі және көп деңгейлі мәселе. Сіздің осы тақырыпқа қызығушылығыңыз бен белсенді әрекетіңіз қоғамыңыздағы елеулі өзгерістердің бастамасы болуы мүмкін. Сыбайлас жемқорлықпен күрес әрқайсымыздан басталатынын есте сақтаңыз. Белсенді болыңыз, сұрақ қоюдан қорықпаңыз және сыбайлас жемқорлықсыз болашақ үшін әрекет етіңіз!

**Мүсілім ОҢТАЛАП,
«Қызылқұм»
ауылдық округінің
әкімі**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫ

Жас жігіттердің басым бөлігін әскери қызмет қызықтыратыны белгілі. Олардың қатарында «өрт сөндіруші-құтқарушы» мамандығына қызығушылық танытып жатқандар аз емес. Бұл мамандық ең игілікті деп бекер айтылмаған. Себебі өрт сөндіру, адамдарды құтқару нағыз ерлік. Қиын әрі аса қауіпті жұмыс болғанымен, көптеген ер-азаматтар осы мамандықты таңдауда.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы - еліміздегі құтқарушыларды дайындайтын жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша күндізгі

оқу факультеті және сырттай оқу факультеті өрт қауіпсіздік бакалавр біліктілігі берілу арқылы жоғары кәсіпті мамандарды даярлайды. Азаматтық қорғау академиясы күндізгі оқу факультетіне оқуға түскен азаматтар әскери тәртіп (казарма) бойынша мемлекет есебінен тамақтанумен, шәкіртақымен қамтамасыз етіліп, жақсы жабдықталған жатақханада тұрады. Оқуды тәмамдаған соң, түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом беріліп, арнайы «азаматтық қорғау» лейтенанты атағы беріледі. Түлектер әрі қарай Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі органдарында және бөлімшелерінде қызметін жалғастыру үшін жолдама алады. Академияның күндізгі оқу бөліміне Қазақстан

Республикасының 25 жасқа дейінгі және оқу жылының басына дейін 17 жасқа толған, орта және жалпы орта білімі бар, әскери қызметке денсаулығы жарамды, оқуға түсерде емтиханды (физика және математика пәндерінен) жетістікпен тапсырған және сайыстан мүдірмей өткен азаматтар қабылданады.

Академияда күндізгі оқу факультетінің оқу мерзімі 4 жыл. Бұл шұғыл әскер қызметке теңеледі. Академияның курсанттары республикалық, облыстық және қалалық спорттық, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Ұлы Отан соғысы және Ауған соғысы ардагерлеріне арналған әскери шерулерінің тұрақты қатысушылары қатарында.

Құрметті талапкерлер,

еліміздің болашағы біздің қолымызда! Дұрыс таңдау жасаңыздар.

Ескертпе: Оқуға түсуші үміткерлер толық ақпаратты Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі №16 мекен-жайдағы Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінен немесе 8(72438)-22-1-51 байланыс телефонынан біле алады.

**Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі**

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы баспахана цехының басшысы Темірғали Тойбазаровқа ағасы

МҰРАТБАЙ ҚУАНБАЙҰЛЫНЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.